



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8,
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік ел, 8
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

Қазақстан-Американдық еркін университеті

2025 жылғы 19 қарашадағы
№ 01-01/611 шығыс хатқа

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан-Американдық еркін университетінде (бұдан әрі – Университет) «8D041 Бизнес және басқару» даярлау бағыты («8D04101 Менеджмент» білім беру бағдарламасы) бойынша диссертациялық кеңес ашу туралы хатыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Диссертациялық кеңестер құру туралы ерекше мәртебесі жоқ жоғары оқу орындарының құжаттарын қарау жөніндегі комиссия тарапынан Университеттің құжаттарына Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің¹ (бұдан әрі – Үлгі ереже) талаптарының сәйкестігіне сараптама жүргізіп, Университетте «8D041 Бизнес және басқару» даярлау бағыты («8D04101 Менеджмент» білім беру бағдарламасы) бойынша диссертациялық кеңес ашу ұсынылды (Комитеттің 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 2149 бұйрығы).

Диссертациялық кеңес Үлгі ереженің 3-тармағына сәйкес 3 жылға құрылды (мерзімі 2028 жылғы 11 желтоқсанға дейін).

Университеттің «8D041 Бизнес және басқару» даярлау бағыты («8D04101 Менеджмент» білім беру бағдарламасы) бойынша диссертациялық кеңестің тұрақты құрамына ұсынған 4 үміткердің (Бордияну И.В., Байкенов Ж.Е., Рахметулина А.А. және Кыдырбекова А.А.) Үлгі ереженің 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес соңғы 5 жылдағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдары бар.

¹ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы



Осыған орай, докторанттардың диссертациялық жұмыстарының қорғауын ұйымдастыру кезінде **«8D041 Бизнес және басқару»** даярлау бағыты («8D04101 Менеджмент» білім беру бағдарламасы) бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерінің кемінде 1-уінде Үлгі ереженің 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес соңғы 5 (бес) жылда халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болуы және докторанттың докторлық зерттеу саласына байланысты таңдау қажет.

Сонымен қатар, диссертациялық кеңестің тұрақты мүшенің 4-уі де осы Университеттің өкілі, дегенмен, осы диссертациялық кеңесте қорғауларды ұйымдастырғанда Үлгі ереженің 5 және 8-тармақтарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелер қатарында басқа ЖЖОКБҰ-ның, ғылыми ұйымның және (немесе) басқа мекеменің өкілдері және шетел ғалымы болуы керек екенін мәлімдейміз.

Маңызды: Университет тарапынан жоғарыдағы талаптарды ескермеген жағдайда докторанттардың диссертациялық жұмыстарының қорғауы туралы хабарламалар Комитет сайтына жарияланбайтынын ескертеміз.

Университеттің Үлгі ереженің 4-тармағының 5) тармақшасына сәйкес ұсынылған қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйесінің болуын растайтын құжаттың қолданыс мерзімі 2027 жылғы 19 қыркүйекке дейін екенін назарға алуды және тиісті жұмыс атқаруды сұраймыз.

Ерекше мәртебесі жоқ оқу орындарының диссертациялық кеңестер тізімі Комитет сайтының «Қызметі» бөлімінде орналастырылған.

Төрағаның орынбасары

Ғ. Есенбаев

Орын. Сатаева Ж. К.
Тел.: 87172-74-22-47

DOC ID KZ0001020250164983584E387C



Квитанция о подписании

Основная информация

DOC ID	KZ0001020250164983584E387C
Тип документа	Входящее письмо
Тема	«8D041 Бизнес және басқару» даярлау бағыты («8D04101 Менеджмент» білім беру бағдарламасы) бойынша диссертациялық кеңес ашу туралы
Статус	На исполнении
Рег. Номер:	1527
Рег. Дата:	17.12.2025
Дополнительные данные	Исх. дата: 17.12.2025 Исх. номер: 7558-15-14883/15-05-12
Количество страниц	2
Подписи	2

Информация об отправителе

Отправитель	Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
-------------	---

Информация о получателях

Получатель 1	ТОО "КАЗАХСТАНСКО-АМЕРИКАНСКИЙ СВОБОДНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ", 000540002589, Казахстан
Получатель 2	ТОО "КАЗАХСТАНСКИЙ ЦЕНТР ОБМЕНА ЭЛЕКТРОННЫМИ ДОКУМЕНТАМИ", 161240011918, Казахстан

Информация о подписантах

Подписал(а)	ЕСЕНБАЕВ ГАНИ
Компания	Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Тип ЭЦП	Удостоверяющий центр государственных органов Республики Казахстан
Подпись	MIISgwYJ...jeXrtQoxD
Дата подписания	17.12.2025 04:55
Подписал(а)	АЙТКУЖИНОВА АЙЖАНА
Компания	Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Тип ЭЦП	Удостоверяющий центр государственных органов Республики Казахстан
Подпись	MIIRywYJ...0JF2FNgY=
Дата подписания	17.12.2025 05:00

DOC ID KZ0001020250164983584E387C

